

## **Хаттама №1**

**Тақырыбы:** Балалардың балабақшаға бейімделу процесі

**Мақсаты:** Баланың мектепке дейінгі үйымға келіп тұсуі-олардың өміріндегі маңызын анықтау

### **Күн тәртібінде :**

**1. Балалардың өткен оку жылындағы бейімделуінің нәтижесі**

**2. МДҰ-да балаларды бейімдеу. Баяндама**

**3. Балабақшаға балалардың бейімімделу жоспарын күру**

#### **1 мәселе бойынша Тындалды : Әдіскер-Баймолдина К.К.**

Жаңа келген балалардың 75% еш қындықсыз бейімделу кезеңінен етті, балалар балабақша жағдайына 1-3 ай аралығында тиімді бейімделді. Оку жылының ортасына қарай барлық жас ерекшелігіне сай топтарда бейімделудің қын түрлері болмады. Балалардың 15 %бейімделудің ортаңғы денгейінде болды.

Себебі:

- балалардың денсаулықтары әлсіреген;
- балалардың балабақшаға дайындықсыз келуі. Ата-аналар балаларына жастарына сай әрекеттерді үйретпеген;
- балалардың бейімделу ерекшеліктерін ата-аналардың білмеуі.

Оку жылының соңында барлық балалар балабақша жағдайына бейімделді.

Басыңқы бағыттар: 2023-2024 оку жылында балаларды толыққанды

сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мәкемеде жүйелі

мақсатты бағытталған рационалды жұмыс жоспарлануда деп есеп берді.

#### **2 мәселе бойынша Тындалды Менгеруші –Баймолдина К.К.**

Баланың мектепке дейінгі үйымға келіп тұсуі-олардың өміріндегі маңызды кезең, ол үйреншікіті жағдайын, күн режимінің өзгеруімен сипатталады. Сондықтан ол жаңа іс-әрекеттер жағдайларына икемделуге және бейімделуге тиіс.

Бейімделу-ағзаның түрлі: физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық денгейлерде орын алтын жаңа жағдайға икемделу үдерісі.

Ағзаның әлеуметтік өмір сүрудің жаңа жағдайларына қоңдігүй, бала мінезд-құлқының өзгеруімен, үйқысының, тәбетінің бұзылуымен қоса жүреді.

Негұрлым күрделі қайта құрылу бейімделудің бастапқы кезеңінде орын алады. Бейімделу созылып кетуі және бейімделуге ауысуы, сондай-ақ бұл бала денсаулығының, мінезд-құлқы мен психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Баланың МДҰ-да бейімделу үдерісі жүреді және ағзаның физиологиялық бұзылуын қоздыруы мүмкін.

Дәрігерлер мен психологтар бейімделу кезеңінің З сатысын бөліп қарайды, деп жеке жеке тоқталып етті.

#### **3 мәселе бойынша тындалды әдіскер – Конопъяннова А.К.**

«Жана келгендерді» МДҮ-да күн ұзакқа қалдыруға болмайды. Алғашқы 7-10 күнде бала 3 сағатқа қалады, содан соң калу уақыты біртіндеп ұзартыла бастайды. Ата-аналардың тәрбиешісімен байланысы үлкен мәнге ин. Ата-аналар тәрбиешіге бала дамуының ерекшеліктері, зиянды әдептері, үйқысы, тәбеті, сүйікті тағамы, ойыншығы т.б. туралы айтулары тиіс.

Тәрбиеші балаға дос, ата-аналарға кеңесші болғаны жөн. Өйткені дәл сол бейімделу кезінде балалар жылылыққа және жанашырлыққа зәру болады дей келे жаңа оқу жылының бейімделу жоспарын ұсында.

**Шешім:** балаларды толыққанды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі максатты бағытталған рационалды жұмыс жоспарлансын

Төрайым:  
Хатшы:



**Баймолдина К.К.  
Сыдыкова Д.С.**